

Г. Кәрімова, 1-курс

Ғылыми жетекші — С. С. Түсіпбеков, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҢ ОРНЫ

Қоғам реттеусіз, яғни әртүрлі саладағы адам әрекетін тәртіпке келтірусіз өмір сүре алмайды. Сондықтан адам әрекеті қоғамдық нормалар көмегімен ретке келтіріледі. Заң ғылымында қоғамдағы нормаларды екі үлкен топқа бөледі: әлеуметтік және техникалық. Бұл жалпы бөлудің өзіндік мәні бар. Екі топтың да өздеріне тән ерекшеліктері, негіздері болады.

Техникалық нормалар — адамдардың еңбек құралдарын және табиғат заттарын дұрыс қолданудың ережелері. Техникалық норма мен әлеуметтік норманың ұқсастығы екеуіде адамдардың қызметімен тығыз байланысты, ал ерекшелігі олардың зерттеу объектісі мен тәсілдерінің әртүрлілігіⁱ.

Әлеуметтік норма дегеніміз — адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршіліктерін, қоғамдық қатынастарды реттейтін, әлеуметтік экономикалық негізде айқындалған, сана-сезім еркімен қалыптастырылған адамдардың мінез-құлық ережесіⁱⁱ.

Әлеуметтік нормалардың негізгі түрлері: құқық нормалар, моральдық нормалар, саяси нормалар, эстетикалық нормалар, қоғамдық ұйым, ұжымдардың ереже-қағидалары, адамгершілік нормалары, әдет-ғұрып нормалары, салт-дәстүр нормалары, діни, имандылық, инабаттылық нормалар.

Әлеуметтік нормалардың белгілері: мінез-құлық ережелері, ортақ және жалпы міндеттілік мәнділігі, адамдардың саналы-ерікті қызметі нәтижесінде пайда болуы, адамдардың бірлестігімен және тиісті құралдармен қамтамасыз етілуі, қоғамның даму деңгейі мен шарттасуы, қоғамдық қатынастарды реттеуі.

Әдет-ғұрып нормалары — әдет ретінде күнделікті қалыптасқан әрекеттердің нәтижесінде қалыптасқан ережелерді атайды.

Діни нормалар — әртүрлі діндермен орнықтырылған және осы дінге сенуші тұлғаларға міндетті болып табылатын ережелерⁱⁱⁱ.

Корпоративтік нормалар — мемлекетте арнайы тіркеуден өткен қоғамдық ұйымдар, партиялардың жарғылары негізінде қызмет атқаратын заңды тұлғалар мүшелерінің арақатынасын реттейтін нормалар. Корпоративтік нормаларға мүшелікке негізделген еркін қауымдастықтардың, кәсіподақтардың, партиялардың жарғылары мен басқа да құжаттарында бекітілген нормалар, сонымен қатар, кооперативтік және коммерциялық ұйымдардың жарғыларында бекітілген нормалар жатады.

Дәстүр — белгілі сферада кеңінен таралған жүріс-тұрыс ережелері. Дәстүр қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарын реттегенде маңызды рөлді иеленеді. Ол құқықпен, моральмен, мәдениетпен, саясатпен, дінмен басқада әлеуметтік нормалармен тығыз байланысты.

Саяси норма — көптеген саяси процестің субъектілерінің ережелері. Бұл нормалар әртүрлі саяси бағдарламаларда, шешімдерде, арыздарда, декларацияда қолданылады^{iv}.

Құқықтық нормалар — мемлекет бекіткен және қабылдаған, бәріне міндетті және орындалуы, сақталуы қажет болған жағдайда күшпен қамтамасыз етілетін нормалардың жиынтығы^v.

Құқықтық норманың құндылығы:

- құқықтық нормалар қоғамды реттеп-басқарудың құралы, сол арқылы адамдардың, заңды тұлғалардың қарым-қатынастарына дұрыс бағыт беріп отырады;

- құқықтық нормалар қоғамдық құрылыс жүйені қорғаудағы ең сапалы құрал, нормативтік актілер қоғамға зиянды іс-әрекеттерге жауапкершілікті күшейтіп отырады;

- құқықтық нормалар қоғамның дамуына пайдалы қатынастарды қолдап, қолайсыздарын қысқартып, экономиканың, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына мүмкіншілік жасап отырады;

- құқықтық нормалар халықаралық, мемлекетаралық байланысты, қатынасты жақсартудың құралы^{vi}.

Құқық — жалпыға бірдей міндетті, мемлекетпен қамтамасыз етілетін, қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығы. Құқық әлеуметтік нормалардың ерекше жүйесі болып, мемлекетпен бірге өмірге келіп, қоғамды реттеп-басқарып отырады. Олар қоғамның, объективтік даму процесінің талабына сәйкес қалыптасты.

Құқықтың әлеуметтік құндылығы:

1. Құқық адамдардың іс-әрекетінің, жұмысының нақты келісімді, тұрақты жақсы орындалуын қамтамасыз етеді. Құқық қоғамдық тәртіпті дамытып, нығайтып, қоғамдық мүдде-мақсаттың жақсы орындалуына мүмкіншілік жасайды.

2. Құқық адамдардың өзара қатынасын дұрыс реттеп, басқарып, олардың мінезінің, тәртібінің, сана-сезімінің жақсаруына мүмкіншілік жасап, сол арқылы қоғамның дамуын жақсартып отырады.

3. Құқықтың құндылығы адамдардың бостандығын, теңдігін қалыптастырып, қорғауында. Құқық пен бостандық бір-бірімен тығыз байланысты. Құқық бостандықтың, теңдіктің шеңберін, шекарасын үнемі анықтап, бақылап отырады.

4. Құқық қоғамдағы әділеттілікті жақтап, бақылап отырады.

5. Құқық қоғамдағы барлық прогрестік дамудың негізгі құралы. Азаматтық қоғамды, демократиялық мемлекетті құрудың бірден-бір жолы.

6. Құқық халықаралық прогрестік қатынастың, байланыстың қайнар көзі, бұлағы. Дүние-жүзілік экологияны жақсартудың құралы.

Ғалымдар құқықты зерттегенде мазмұнын анықтап, әртүрлі қорытынды, тұжырым жасап отырды. Мысалы: Аристотель «құқық — саяси шындық, әділеттік» десе; орта ғасырдың ғалымдары «құқық — діни норма»; Ж. Ж. Руссо «құқық — қоғамдық билік» деп түсіндірді. К. Маркс «Гота программасына сын» деген еңбегінде: «Құқық еш уақытта да экономикалық құрылыстан және қоғамның соған сәйкес мәдени дамуынан жоғары болмақ емес», — деді. Осы пікірлердің бәрі дұрыс. Құқық адамдардың жекелік, топтық және қоғамдық қарым-қатынастарын реттеп, басқарып отыратын құрал болып табылады.

ⁱ Ағдарбеков Қ. Мемлекет және құқық теориясы. — Қарағанды, 2001.

ⁱⁱ Байжанова Г. Т. Құқық теориясы. — Қарағанды, 2004.

ⁱⁱⁱ Ибраева А. С., Сапарғалиев Ф. С. Мемлекет және құқық теориясы. — Алматы, 1998.

^{iv} Баянов Е. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері. — Алматы, 2003.

^v Табанов С. А. Салыстырмалы құқықтану негіздері. — Алматы, 2003.

^{vi} Нұсқабаев О., Әлиев Д. Құқық социологиясы: мәні, құрылымы және қызметі // Заң. 1999.